

Қарағанды қаласында тұрмыстық тоңазытқыштар өндірісін ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 22 маусым N 1259. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қарағанды қаласында тұрмыстық тоңазытқыштар өндіру бағдарламасының жүзеге асырылуын жеделдету мақсатында қаулы етемін:

Қарағанды металлургия комбинаты, "Жезқазғантүстімет" ҒӨБ, "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы, "Қарағандыкөмір" ӨБ экспортқа өнім беріп тұрғаны үшін алатын валюта түсімінің бір бөлігі /30 проценті/ тұрмыстық тоңазытқыштар өндірісіне арналған қажетті технологиялар мен жабдықтарды сатып алуға жұмсалатыны ескеріліп, бұл қаржыны міндетті түрде сатудан босатылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті